



Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Морфология кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: «Дамудың қатерлі кезеңдері»

Орындаған: Айтен С.М.
Тобы: 2-016 ЖМФ
Тексерген: Кушербаев С.А.

Қарағанды 2018

Жоспары:

I. Кіріспе

“Қатерлі кезеңдер” – бұл дегеніміз не ?

II. Негізгі бөлім

Жүктілік кезеңдері

Қатерлі кезеңдердің жіктелуі

Даму ауытқуларын анықтау әдістері

III. Қорытынды

Жүктілік - екі ағзаның, екі әлемнің біртұтас тұтастыққа бірігуінің бір түрі: әйел мен оның құрсағындағы дамып жатқан нәресте.

Жүктілік кезеңінде ұрықтың (нәрестенің) дамуы үшін қатерлі кезеңдер бар.

Жүктіліктің қатерлі кезеңдері немесе эмбрионның және ұрықтың дамуындағы қатерлі кезеңдер - бұл олардың сезімталдығы артып, бейімділік қабілеті төмендейтін, яғни эмбрионның осал болып келетін кезеңдері.

Бұл кезеңдерді қарамастан бұрын жүктіліктің кезеңдеріне жалпы тоқталып өту керек.



Бірінші триместр

Жүктіліктің бірінші триместрі ұрықталу мезетінен бастап, он екінші аптаға дейінгі жүктілік кезеңі. Бұл аралық өте маңызды, себебі дәл осы кезде сәбидің бір ғана жасушадан бастап, дамуын жалғастырады.

<p>1-2 апта болашақ ананың ағзасында жұмыртқа жасушасы дамиды, және шамамен 2 аптаның соңында овуляция және ұрықтану жүреді</p>	<p>3 апта ұрықтанған жасуша жатыр қуысына жетіп, эндометрий қабатына енеді.</p>	<p>4-5 апта болашақта орталық жүйке жүйесіне дамиды жүйке түтігі қалыптасады.</p>	<p>6-7 апта омыртқа және мидың бөлімдері қалыптаса бастайды, аяқ-қолдың байқалуы, бауыр, асқазан, ұйқы және қалқанша бездердің қалыптаса бастауы</p>	<p>8-9 аптада нәрестенің бет әлпеті айқындала бастайды, жыныс ағзалары түзіле бастайды, қол басында саусақтардың байқалуы болады.</p>	<p>10-12 аптада нәрестенің алғашқы қимылдары байқалады, жүрек қалыптасады, эндокринді жүйелер бездер бөле бастайды.</p>
--	--	--	---	--	--

Бірінші тирместр



Жүктілік кезеңдері

Екінші триместр

13-27 апта

Жүктіліктің екінші триместрі ең жағымды да жайлы кезең саналады. Себебі әйелдің іші шығып, толықтық емес, аяғы ауыр екені анық байқалатын кезең. Бұл әйелдің эмоционалды жағдайына қатты әсер етеді, жүректің айнығаны да басылады.

Нәресте өте жылдам өседі. Екінші триместрдің басында бойы шамамен 10 см, ал салмағы 30 г болса, онда осы кезеңнің соңына (27 апта) баланың орташа салмағы шамамен 1,2 кг-ға дейін және бойы 35 см болады. Сонымен қатар, баланың жынысын анықтауға болады. Қаңқа толығымен қалыптасады, бұлшықет жүйесі мен ми пайда болады. Бала көп қозғалады, ал 18-22-ші аптада аналар нәрестенің қозғалысын сезіне алады.



Үшінші триместр

28-40 апта

Бұл кезеңде жүкті әйел айтарлықтай салмақ қосады, қозғалысы қиындайды.

Іштің үлкендігі үнемі қолайсыздықтар туындатады. Жатырдың көлемі айтарлықтай ұлғайады. Жүкті әйел шаршайды, тез босанып, жеңілдегісі келеді. Жалған толғақтар болып жатады.

Жүктіліктің бұл триместрі босанумен аяқталады. Жүктіліктің үшінші триместрінде нәресте қарқынды өседі және соңғы жеті аптада ол екі есе үлкен болады. 32-ші аптаның соңында нәресте шамамен 1700 г және бойы шамамен 40-41 см болуы мүмкін және бала туған кезде оның салмағы 2800-3300 г дейін жетуі мүмкін. Тері астындағы майлы қабаттың өзгеруінен баланың сыртқы түрі өзгеріп, бірте-бірте туған кездегі қалпына келеді.



Қатерлі кезеңдер

Бұл тіндердің немесе мүшелердің өсуінің баяулауымен, энтропияның ұлғаюымен және биологиялық жүйелердегі артық ақпараттың минималды мәндерінің төмендеуімен сипатталатын дамудың кезеңдері, бұл жаңа қатерлі белгінің қалыптасуына әкеледі.

Бұл кезеңдерде ұрықтың сезімталдығы жоғары болады

Прогенеезде

Эмбриогенеезде

овогенез

спермиогенез

плацентация

Ұрық
жапырақшала
ры кезеңі

Имплантация

ұрықтану

Нәрестенің тууы

Қатерлі кезеңдердегі экзогенді зақымдаушы факторлар



Қатерлі кезеңдерді триместрлерге бөліп қарастырсақ болады

Неделя	Месяц	Триместр	Неделя	Месяц	Триместр	Неделя	Месяц	Триместр
Первая Месячные	Первый	I триместр	14	Третий	II триместр	28	Седьмой	III триместр
2			Четвертый	29				
3 Зачатие				30				
4				31				
5 Задержка	32							
6	Пятый		33	Восьмой				
7			34					
8			35					
9			36					
10	Третий		37	Девятый				
11			38					
12			39					
13		40						
			24	Шестой		41	Десятый	
			25		42			
			26		43			
			27		ПДР			

I триместр

Бірінші қатарлы кезең жүктіліктің 2-3 аптасына сәйкес келеді, себебі бұл аралықта жас ана өзінің жүкті екенің білмеуі мүмкін.

Бұл уақыттағы маңызды процесс имплантация болып табылады. Бұл процес келесі әсерлерден бұзылуы ықтимал :

- Жатыр құрылысының аномалияларынан (инфантилизм т.б)
- Эндометрии жарақаттары есебінен (жасанды аборт әсерінен пайда болған) және қабыну ауруларынан (созылмалы эндометрит)
- Жатыр миомасынан

Екінші қатарлы кезең жүктіліктің 8-12 аптасына сәйкес келеді. Бұл уақытта плацентаның дамуы басталады және бұл аралықтағы жүктіліктің тоқтатылуының басты себебі, гормональды бұзылыстар.

Негізгілері: 4

- Жыныс безінің қызметінің бұзылуы
- Әйел ағзасында ерлердің жыныс гормондарының бөлінуінің күшеюі
- Қалқанша безінің жұмысының бұзылуы

II триместр

Қатерлі кезеңнің аралығы – 18-22 апта.

Бұл кезеңдегі негізгі қатерлер жыныстық жолмен берілетін инфекциялар болып табылады.

Ауру қоздырғыштары:

- Хламидиялар
- Токсоплазма
- Уреаплазма
- Герпес вирустары т.б.

Сонымен қоса бұл уақытта жатырдың қарқынды өсуі болады. Осыдан

- Плацентаның орналасуының аномалиялары
- Истмико-цервикальды жетіспеушілік дамиды

III триместр

Қатерлі кезең 28-32 апта.

Бұл аралықта жатырдың интенсивті өсуінің кезекті кезіңі болады.

Бұл уақыттағы ауытқулардан болатын аурулар:

- Кештеу гестоз
- Плацентарлық жетіспеушілік
- Плацентаның ажырауы

Қатерлі кезеңдерді адам онтогенезіне жалпы қарап бөлер болсақ келесі кезеңдерді көрсете аламыз :

- ❖ Овогенез және сперматогенез
- ❖ Ұрықтану
- ❖ Имплантация 7-8 тәуліктер
- ❖ Мүшелердің бастамаларының дамуы және плацентаның дамуы 3-8 апталар
- ❖ Бас миының қарқынды өсуі 15-20 апталар
- ❖ Негізгі қызметтік жүйелердің қалыптасуы, жыныс аппаратының дифференциялануы 20-24 апта
- ❖ Туу
- ❖ Нәрестелік кезең
- ❖ Жыныстық есею

Даму ауытқуларын анықтау әдістері



Амниоцентез- ананың іш қуысы қабырғасы арқылы қағанақ суын алып, хромосомалық сараптауын және т.б. зерттеу.



Фетоскопия-ананың іш-қуысының қабырғасына еңгізілген лапроскоптың көмегімен визуальды бақылау

Қорытынды

Ұрықтың дамуы барысында болып жататын құрсақішілік шетінеудің немесе патологиялық жолмен дамудың қауыпы артатын қауіпті кезеңдердің болатынын білу маңызды. Яғни эмбриогенездің негізгі заңдылықтарын үдерістерін білу медициналық эмбриологияның бірқатар негізгі мәселерін шешуге, нәрестелер мен жаңа туған балалардың шетінеуін болдырмау шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гистология,эмбриология,ЖОО арналған оқулық./- Есимова Р.Ж.,
Нурсейтова
2. Гистология -1 / Ажаева С.А. Түркістан 2012 ж.

Сілтемелер

1. anamenbala.kz
2. tvoymalysh.com.ua